



ҚАЗАҚСТАН ҰЛТТЫҚ БАНКІ

АҚПАРАТТЫҚ ХАБАРЛАМА

Қазақстан Ұлттық Банкі жаңа алаяқтық схема туралы ескертеді

Астана қ.

2023 жыл, 29 қыркүйек

Қазақстан Ұлттық Банкі инвестиция саласына қатысы бар алаяқтық схемалар пайда болғанын ескертеді. Қаскөйлер түрлі сайттар мен мобильді қосымшаларды қолдан жасап, Ұлттық Банктің ресми интернет-ресурсының интерфейсін көшіріп жүр. Сондай-ақ лауазымды тұлғалардың суретін пайдаланып, салынған ақшаның қайтарылатынын немесе инвестиция арқылы жоғары табысқа кенелуге болатынын айтып уәде береді. Сонымен қатар, азаматтарды көптеп тарту үшін алаяқтар өздерінің жалған сайттары мен мобильді қосымшаларын әлеуметтік желілер мен YouTube арқылы жарнамалайды.

Ұлттық Банк қазақстандықтарды барынша сақ болуға шақырады. Әртүрлі әлеуметтік платформалардағы жарнамалық хабарламаларға өтер кезде, сондай-ақ өзін Ұлттық Банктің өкілі немесе құқық қорғау органының қызметкерімін деп таныстарған адамдардан телефон арқылы күмәнді қоңырау немесе электрондық хаттар алған кезде абай болған жөн.

Бұдан бөлек, Қазақстан Ұлттық Банкі жеке тұлғаларға қызмет көрсетпейтінін және телефон, электрондық пошта немесе өзге де коммуникация құралдары арқылы жеке мәліметтерді сұратпайтынын еске саламыз.

Жоғарыда айтылғандарды ескере отырып, Ұлттық Банк қаражатты қайтарып беру туралы ақпаратты ұсынушы сайттарда алаяқтық әрекеттің айқын белгілері бар екенін қаперге алуыңызды сұрайды. Өйткені:

- Ұлттық Банк жеке тұлғалардың шоттарына қызмет көрсетпейді, жеке тұлғалармен ақшалай есеп айырысулар мен мәмілелер жүргізбейді;
- Қазақстан Республикасы азаматтарының активтерін инвестициялық басқаруға арналған өзекті лицензиялары бар ұйымдардың тізбесі Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігінің [ресми сайтында](#) жарияланған.

Сонымен қатар, Ұлттық Банк мобильді қосымшаларды орнатпауға, дербес деректерді жария етпеуге, ұялы телефонға қашықтан қол жеткізуге мүмкіндік бермеуге және телефонмен әңгіме барысында бейтаныс адамның нұсқауымен қандай да бір қаражатты өзге бір үшінші тұлғаның шотына аудармауға үндейді.

Егер сіз немесе танысыңыз осындай қаскөйлердің арбауына тап болса, алаяқтық фактісі бойынша іс қозғау үшін құқық қорғау органына жүгінген дұрыс.

Keңес алу үшін Ұлттық Банктің 1477 қысқа нөмірлі байланыс орталығына хабарласуға болады.

Толығырақ ақпаратты БАҚ өкілдері мына телефон арқылы алуына болады:

+7 (7172) 77 52 10

e-mail: press@nationalbank.kz

www.nationalbank.kz